

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

ТҮРЛІ ТҮСТІ ТЕСТІ

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.11.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/127037/4 курс студенті: **Рақышбай А.**Оқытушы: **Болтаева А.М.**

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ

ТҮРЛІ ТҮСТІ ТЕСТІ

(М.Люшер)

Басқа проективті тестілер сияқты, Люшер тесті де әр түрлі элементтер арасында адамның таңдауы олардың жеке ерекшеліктерімен тікелей байланысты деген ойға негізделген.

Түстер сынағын Базельде (Швейцария) доктор Макс Люшер жасады. Бұл психолог түстерді сенсорлық қабылдау объективті және бәріне ортақ деп санайды, бірақ түстердің артықшылықтары субъективті және әрқайсысының жеке күйлерімен байланысты деп санайды. Оның айтуынша, бұл артықшылықтар біздің жеке басымыз туралы көп нәрсені ашады.

Қолданылуы: Люшер тесті өзінің проективті сипатына байланысты психологиялық консультацияларда диагноз қоюдың жалғыз негізі ретінде емес, тек басқа тест түрлеріне қосымша ретінде қолданылады. Алайда пациенттің жеке басы туралы көбірек білу пайдалы болуы мүмкін.

Бұл тестті қолдану тәсілі өте қарапайым. Психолог пациентке әрқайсысы әр түрлі түсті сегіз карточканы ұсынады және оларды өз қалауына қарай тапсырыс беруін сұрайды. Түстердің қандай ретпен таңдалуына байланысты, бұл адам бойындағы бірқатар қасиеттерді ашады.

Түстердің дұрыс таңдалғанына көз жеткізу үшін Люшер бірінші сұрыптаудан кейін карталарды араластырды және қайтадан пациенттерден оларды тәртіпке келтіруін

сұрады. Бұл психологтың айтуы бойынша, егер адам карталарды екі рет бірдей тәртіпте орналастырса, бұл шамадан тыс қатып қалған тұлғаның симптомы болуы мүмкін.

Нәтижелерді түсіндіру үшін түстердің таңдалу ретін де, қайсысының алғашқы төрт позицияны алатындығын да қарау керек.

Егер праймериздің кез-келгені алғашқы бестікке кірмесе, Люшер қандай да бір жасырын тәртіпсіздік болуы мүмкін деп сенді.

Түстер сипаттамасы. Түстер негізгі (көк, жасыл, қызыл, сары) және қосымша (қара, сұр, күлгін, қоңыр) болып бөлінеді. Макс Люшердің түсті әдісі бойынша осы түстер маңызды психологиялық қажеттіліктердің символдары болып табылады.

Сұр(0). Айырушы, алшақтатушы міндеттерден босатушы, сыртқы себеп пен әсерлерді жасырушы. Оның алғашқа позицияда орналасуы компенсациялаушы болып саналады. Ал соңғы орында болса зерттелуші жауапкершілікті сезінетінін білдіреді. Сұр түс екінші және үшінші орында болса зерттелуші мінез-құлқында конфликтіні білдіреді.

Көк(1).Сабырлылық, сезімталдық, жарақаттанғыштық, сензитивтілік, сенімділік, өзін құрбан ету, адалдық анық байқалады. Оның соңғы орында орналасуы эмоциялық қатынастың қанағаттандырылмауын білдіреді.

Жасыл(2). Өзіндігін танытудағы қажеттілік. Тұлға бойындағы қысымды, талпыну, мақсатқа ұмтылушылықты, өзгерістерге қарсы тұру, көзқарасының тұрақтылығы. Сары түспен қатар қолданылуы бостандыққа деген ұмтылысты білдіреді. Екінші-үшінші позициядағы түстер емес, өзге түстердің ретінде таңдалса тұлға бойындағы қысымды айқындайды. Өмір ситуациясында адамдарды қоршаған ортасының түсімен тікелей байланыстырады: өсімдіктердің, ағаштардың, гүлдердің т. б. Ол объектілер қоршаған орта болып табылатындықтан қорғанысты білдіреді. Темпераменттердің ішінде меланхоликтердің сүйікті түсі болып табылады.

Қызыл (3). «Әрекет ету», «жетістікке жету». Тұлғаның энергиясын жұмсаудағы физиологиялық күйі, спортқа, жеңіске, эротикаға т.б. деген ерігі, қалауы. Бұл әдістемені жүргізу барысында бұл түсті қаламау физиологиялық және жүйкелік жұқару, тозу, сексуалды қызығушылықтың төмен болуын аңғартады. Таңдалған түстердің алдыңғы қатарында болуы көшбасшылыққа деген ұмтылыс, тұлға бойындағы шығармашылық бастау т.б. байқатады. Алғашқы үш түс қатарында болмаса эмоционалды — вегетативті қысымды көрсетеді. Өмірлік жағдайда ертедегі ер адамдардың аң аулау үрдісімен тікелей байланыстырады, яғни отбасын асырау үшін аңды аулауда белсенділікті байқату, сондай-ақ адамның сексуалды қозу зоналары да осы түспен байланыстырылады. Бұл түс сангвиниктердің түсі болып табылады.

Сары (4). Алға ұмтылу, үміттену қажеттілігі, релаксацияны білдіреді. Сары түсті таңдау үлкен бақытқа деген үзілмес үміт, болашаққа ұмтылыс, жаңаға ұмтылу т.б. Тұлға

бойындағы жағымсыз күйлерде ол шыдамсыздықты, мазасыздануды, көре алмауды білдіреді. Сары түсін қаламау (6,7,8 орын) көңілдің қалуы, адам үмітінің орындалмай қалуын аңғартады. Жасыл түспен қатар қолданылуы үлкен әлеуметтік статусқа ұмтылуды байқатады. 2,3,4,5 реттегі түстерден басқаларда тұлға бойындағы қысымды білдіреді. Өмір жағдайында қараңғы түннен соң шығатын күн элементімен байланыстырылады. Аспанды жарыққа толтыру, адам бойында белсенділікті оятуға шақырады. Бұл холерик типтес индивидтердің жиі қалайтын түсі болып табылады. Жалпы жоғарыда қарастырылған түстер тепе-теңдік тұлғада алдыңғы қатарда болулары қажет.

Күлгін (5). Жақындық сезімі, сиқырлау, арбау, өзгелерді таң қалдыруға деген ұмтылыс, жетістікке деген қабілеттілік, шындыққа сай емес тілек және жауапкершілікті сезінбеу. Бұл түсті көбіне жеткіншектер мен аяғы ауыр әйелдер таңдайды.

Қоңыр(6). Алдыңғы қатарда болса физикалық дискомфортты байқатады. Әсіресе, тұлғаның ауыру, науқастануы кезінде жиі алдыңғы қатарда таңдалады. Өз жанұясын жоғалтқандарда бұл түсті таңдау байқалады. 8 позицияда болса қажеттілікті терістеу, яғни ол босаңсуда, физиологиялық қанағаттануда өз қажеттіліктерін терістеу болып табылады.

Қара (7.) Экстремалды жүріс-тұрыс, көп жағдайды қаламау, яғни «жоқ» ұғымымен сәйкес келеді. Өзге түстердің таңдалуына да әсерін тигізеді. Бірінші орында таңдалса, адам өмір оқиғаларына қарсы келу, ойланбай әрекет етуді байқатады.

Нұсқаулық: Зерттеу келесі кезеңдер бойынша өтеді: Зерттелуші берілген 8 түстерден сол уақытта көбірек ұнайтын түстерді таңдау керек. Тұлға түстермен карточкаларды алдына қойғанда ашық бір тонды фон болу керек және бөлменің ішіне жарық біркелкі түсуі керек. Карталар 2 сантиметрге тең арақашықты сақтау тиіс. Таңдалған түс қатардан алынады. Түстердің реттік саны солдан оңға қарай бағытталады, төмендегідей болады: 1-көк; 2-жасыл; 3-қызыл; 4-сары; 5-күлгін; 6-қоңыр; 7-қара; 0-сұр. Алғашқы екі таңдалған түс “ Күшті қалаған” түс болып саналады да “+” деп белгіленеді. Бірінші таңдалған түс негізгі әрекеттену әдісі, ал екіншісі зерттелушінің мақсатын көрсетеді. 3-4 ретте таңдалған түстер қатары «*» таңбасымен белгіленеді. Бұндағы таңдалған түстер «сол ситуациядағы заттардың шынайы орналасуын» және «әрекеттің бейнесін» көрсетеді. 5-6 позициядағы түстердің таңдалуы «селқостықты» аңғартса, «=» тең белгісімен кодталады. Тұлғаның 5-6 позициядағы таңдаған түстері сол кездегі қажет емес резервке бағыттайды, тұлғаның әрекетсіз индифферентті зонасын көрсетеді. Жағымсыз түстер (7,8) “-” белгісімен белгіленіп, жауапсыз қалған қажеттіліктерді көрсетеді.

Нәтижелерді бағалау:

4 ұпай – қатардың басында көк, сары, күлгін. Қара, сұр, қоңыр — қатардың соңында.

Қолайлы эмоционалды жағдай. 3 ұпай — бірінші позицияларда қызыл және жасыл түстерге рұқсат етіледі. Жолдың ортасында сұр және қоңыр түстің ығысуы. Қанағаттанарлық эмоционалды жағдай. 2 ұпай - қара жолдың ортасына жылжу. Көк сары, күлгін — соңғы позицияларда. Баланың эмоционалдық жағдайы қанағаттанарлықсыз - психологтың, мұғалімнің көмегі қажет. 1 ұпай - жолдың басында қара және сұр; бала орындаудан бас тартады. Бала дағдарыс жағдайында, мамандардың (психолог, психотерапевт) көмегі қажет.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.